

Абай атындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет театрының ғимаратын қайта жаңарту жобасын іске асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 27 тамыз N 1269

Абай атындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет театрының ғимаратын қайта жаңарту мақсатында (бұдан әрі - жоба) Қазақстан Республикасының Үкіметі
қ а у л ы е т е д і :

1. Жобаны іске асыру үшін мемлекеттің кепілдігімен берілген тартылатын мемлекеттік емес сыртқы заем бойынша "Алматы қаласы әкімі аппаратының күрделі құрылыс кәсіпорны" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - заем алушы) заем алушы болып белгіленсін.

2. Заем алушыға жылдығы ЛИБОР+4,5 проценттен аспайтын сыйақы ставкасымен 10 000 000 (он миллион) АҚШ долларынан аспайтын сомадағы көрсетілген заемды т а р т у ұ с ы н ы л с ы н .

3 . Заем алушы :

"Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабына сәйкес мемлекеттің кепілдігімен тартылатын мемлекеттік емес сыртқы заем бойынша заем алушы ретінде әрекет ететін тұлғаларға қойылатын талаптардың орындалуын;

берілетін мемлекеттік кепілдік сомасының 0,2 проценті мөлшеріндегі алдын ала бір ж о л ғ ы т ө л е м д і ;

көрсетілген заем қаражатының мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1) тартылатын заемның қаржылық жағдайларын сараптауды жүзеге асырсын;
2) заңдарда белгіленген тәртіппен "2000 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен бекітілген мемлекеттік кепілдіктер беру лимиті шеңберінде мемлекеттік кепілдік берсін;

3) заем алушымен және Алматы қаласының әкімімен, көрсетілген мемлекеттік кепілдікті беруге байланысты туындайтын, олардың міндеттемелерін қамтамасыз ету туралы келісімдер жасассын. Жасалатын келісімде Алматы қаласы мәслихатының тиісті рұқсатын бере отырып, көрсетілген заемды өтеу және оған қызмет көрсету үшін 2000 жылдан бастап жергілікті бюджетке қаражат енгізу жөнінде жергілікті атқарушы органның міндеттемесін қарастырсын;

4) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің келісімі бойынша екінші

деңгейдегі банкке тартылатын заемға қызмет көрсетуге уәкілеттік берсін;

5) көрсетілген заемды тарту, өтеу және оған қызмет көрсету мониторингін қамтамасыз етсін;

6) заем қаражатының мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.04.14. N 573

қаулысымен.

P000573_

5.

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ күшін жойды - ҚР Үкіметінің 2000.12.30. N 1963

қаулысымен.

P001963_

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Е.Ә. Өтембаевқа жүктелсін.

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.04.14. N 573

қаулысымен.

P000573_

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК